

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinary terms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

ОҚУШЫЛАР СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Анарбекова Ақмарал Бахтиярқызы

anarbekovaaqmaral03@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиет» білім беру
бағдарламасы, 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ш.Б. *Саликжанова*

90-жылдардың басынан Қазақстанда терминология саласында жаңа кезең басталды. Бұл кезең өз кезегінде терминологияның практикалық, ғылыми, әдістемелік және теориялық мәселелерін зерттеуге жаңа серпін берді. КСРО ыдырауының басталуы және қоғамдағы түбегейлі өзгерістер қазақ тілінің мәртебесін жаңа деңгейге көтеруді және тілдің әртүрлі салаларда қолданылуын кеңейтуді талап етті. Тәуелсіздік декларациясы мен еліміздің екінші тынысының ашылуы ұлттық тілдердің дамуына үлкен әсер етті. Әр ұлт өз тілінің тағдырына, даму бағытына ұлттық мүдде тұрғысынан қарай бастады. Әсіресе 90-жылдардағы қоғамдағы түбегейлі өзгерістер, оның ішінде тәуелсіз мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық бағыттары мен ұлттық тілдің жаңа биіктерге көтерілуі тіл саясатының жаңа бағдарламаларын қабылдауды қажет етті. Соңғы жылдары олардың дыбыстық, құрылымдық және сөздік құрамы жағынан ұлт тілін түзетуі мен дамытуына ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі уақытта тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуы керек. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастыруды талап етті. Бұл тұрғыда терминологиялық жұмыстарға деген қажеттілік артып, Ғылым мен білім беру, заң шығару, іс қағаздарын жүргізу, ақпарат тарату саласындағы тілдік қызмет аясын кеңейту міндеттері қойылды. Осы бағыттағы терминологияны қалыптастыру үшін тілдің терминдік қалыптасу әдістерін, терминдердің тұрақты жұмыс істейтін жүйесін жүйелеу және қалыпқа келтіру қажет болды.

Кенестік кезеңде терминологиялық жұмыстар дәйекті түрде жүргізілмеді, өйткені көптеген салалардағы қызмет шектеулі болды. Нәтижесінде осы салалардағы тілдегі кемшіліктерді түзетіп, терминологияны ұлттық мүдде үшін кәсіби деңгейде жетілдіру қажеттілігі туындады. Бұл жұмысқа лингвистер, терминологтар және пән мамандары белсене қатысты, нәтижесінде ұлттық терминологияны дамытуға бағытталған көптеген зерттеулер мен мақалалар жазылды. Қазақстандағы терминология мәселесін арнайы зерттеген ғалымдар мен авторлар қатарына Ә.Қайдар, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірасилов сияқты тілші ғалымдар мен авторлар жатады. Бұл авторлар мен олардың ұжымдары шығарып, жариялаған сөздіктер мен еңбектер қазақ тіліндегі терминологияны жүйелі түрде қалыптастыруға маңызды үлес қосты.

90-шы жылдардан бастап терминология саласына деген қызығушылық ерекше арта түсті, ғылыми айналымға жаңа терминдерді енгізуге және қазақ тіліндегі терминдердің дәлдігі мен дәйектілігіне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, терминдердің жаңа жүйесін қалыптастыру және оларды нормативтік деңгейде реттеу қазақ тілін білім және ғылым, техника және экономика, мәдениет және саясат салаларында кеңінен қолдануға мүмкіндік берген маңызды қадам болды... Қазақстанның мемлекеттік тілінің рөлі ұлттың мәдениеті мен тарихын сақтаумен ғана емес, сонымен бірге елдің ғылыми-техникалық, әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосумен де анықталады. Сонымен қатар, терминологияның жаңа кезеңіне сәйкес қазақ тілін дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту маңызды және заманауи міндет болып табылады.

Қазақ тілінің терминологиясы – ұлттық тілдің ғылыми, техникалық, мәдени және басқа да салаларындағы ұғымдарды нақтылап, түсіндіретін ерекше бір жүйе. Осы салада жүргізілген зерттеулер терминологияның семантикалық және құрылымдық тұрғыдан жүйеленуі мен дамуының маңыздылығын айқындайды. Қазақ тілінің терминдері, негізінен, осы екі аспектіде зерттеледі: семантикалық қатынастар мен құрылымдық байланыстар. Қазақ тіліндегі терминдер көбінесе олардың семантикалық мағыналары арқылы анықталады. Әр ұлттың тілінде дүниеге, әлемге қатысты түсініктер мен ұғымдар белгілі бір тілдік фактілер арқылы таңбаланып, тілдік бейнесі қалыптасады. Бұл бейнемін ұлттың логикалық түсінігі мен дүниетанымымен ұштастырады. Яғни, әрбір термин сол тілде сөйлейтін адамдардың ақыл-ойындағы дүниенің бейнесін көрсетеді. Сол себепті терминдер жүйесі ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктері мен дүниетанымын айқындайды. Қазақ тіліндегі терминдер де, мысалы, құрылымдық тұрғыдан сөздердің белгілі бір заңдылықтарға сәйкес тіркесіп, ғылым мен техниканың белгілі бір саласында қолданылатын ұғымдарды нақты білдіреді. Қазақ терминологиясындағы маңызды мәселелердің бірі – терминдердің мағыналық құрылымы. Ш. Құрманбайұлының пікірінше, қазақ тілінің терминдері белгілі бір шамаға дейін терминологиялық атаулардың соңғы нәтижесі ретінде қарастырылған. Бұл тұрғыда терминологияның құрылымдық ерекшеліктері мен оның тілдік қасиеттері, белгілері толық зерттеліп, тіл білімінде кеңінен пайдаланылады. Ө. Айтбаевтың зерттеулерінде де терминдердің лексикалық бірліктер ретінде олардың тілдік қасиеттері мен мағыналары тереңнен талданған. Терминдерді жүйелеуде үш негізгі шарт қойылады:

1. Термин болу үшін сөздің мағынасы біреу-ақ болу қажет. Бұл шарт терминнің анық және нақты болуы үшін маңызды. Әр термин белгілі бір ұғымды білдіріп, сол ұғымның шегінде ғана қолданылуы тиіс.

2. Термин сөздер қосымша, ауыс мағыналары болмауы керек. Бұл шарт терминнің нақты бір түсінік пен ұғымды білдіретіндігіне кепілдік береді. Әр термин тек өзіне тән мағынамен ғана қолданылуы тиіс.

3. Термин сөздер нақты заттардың атауы емес, ғылымның тар аясындағы дерексіз ұғымдардың атауы болуы шарт. Бұл шарт терминдердің ғылым мен білімнің белгілі бір саласындағы абстракциялық ұғымдарды білдіруіне мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі терминдер жүйесінің қалыптасуы әлі де толық аяқталмағандығын айта кеткен жөн. Терминологиялық ұғымдары қалыптаспаған тіл әлі әдеби тіл дәрежесіне көтерілген тіл деп есептелмейді. Сондықтан, қазақ терминологиясын одан әрі дамыту, оны жүйелеп, ғылыминегіздекәліптастырумаңызды. Қазақ дәстүрлі терминологиясын зерттеу, оның семантикалық және құрылымдық қатынастарын айқындау, тілдің ішкі заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, ұлт тілінің терминологиялық жүйесін толықтыру қазақ тілін білім, ғылым, техника, мәдениет салаларында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Осы бағытта ғылыми зерттеулер мен жұмыс жүргізу, терминологияның қалыптасуына жаңа серпін береді және ұлттық тіліміздің барлық салаларда тиімді қолданысына ықпал етеді. Қалай дегенде де терминдерді қазақшалаңдыру үрдісі жұртшылық сұранысы тұрғысынан кең қолдау табуда. Ес жиып, есейген ұлттың әлемдік өркениетіне неңдей өзімдігімізбен барамыз, соған еркін апаруға тіліміздің қауқары жете ме деген саналы толғаныстан туындайтын заңды әрекет бұл. Термин баламаларының төл тілімізден орынын иемденуі «мемлекеттік тіл мәртебесі үшін, әсіресе, оның негізгі тармақтарының бірі – ғылым тілінің қанат жаюы үшін аса шара» екендігі халыққа кеңінен түсінікті.

Бірақ та терминнің аударылуы барысында кездесетін көптеген қиындықтарға байланысты күні бүгінге дейін халықаралық терминдер жүйесін ұлт тілдеріне аударудың принциптерінің, ережелерінің бір ізді жасалмай келуі, оларды жазу қабылдау тәртібінің белгіленбеуі болып табылады.

Бұл жайдың негізгі себептеріне тоқталар болсақ, «біріншіден терминология мәселесіне мемлекеттік көзқарастың орнықтауынан, қажетті қамқорлықтың жоқтығынан. Екіншіден, немқұрайдылықтың салдарынан арнайы дайындықтан өткен мамандардың жоқтығы. Үшіншіден, әлі күнге қажетті мамандарды дайындамай отыруымыз. Осыған орай аудару мәселесі жөніндегі көптеген еңбектердің басын қосып, жүйелеу қажеттігі алға қойылуда.

Мұның себебі тіл термин сөздер арқылы көбірек жаңарады. Сонда ол кірме терминдермен жаңара ма? Терминдердің бәрін аудару керек пе? Деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа Б.Хасенұлы, А.Байтұрсынұлы секілді ғаламдардың еңбектерімен жауап береміз, ғалымдар термин жасауда жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Біз осы жауап арқылы А.Байтұрсынұлының термин жасау ісіне мұқияттылығын және қандай принцип ұстанғандығын айқын аңғарамыз. Өз тілімізде жоқ деп, басқа тілден даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен шет тілдік сөздерді араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуымыз ықтимал. Сондықтан шет тіліндегі әдебиеттерді, ғылыми кітаптарды қазақ тіліне аударғанда пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Тіл тазалығын айтқанда термин мәселесіндегі баламалардың нақтылығын, түсініктілігін алға тартатын мақсат өзекті мәселе болып табылады. Әлемдік өркениетке ана тілі арқылы барамыз, соған еркін апаруға тіліміздің қауқары жетеді және бұл - саналы толғаныстан туындайтын заңды әрекет. Термин баламаларының төл тілімізден орынын иемденуі «мемлекеттік тіл мәртебесі үшін, әсіресе, оның негізгі тармақтарының бірі – ғылым тілінің қанат жаюы үшін аса шара» екендігі халыққа кеңінен түсінікті. Осыған орай аудару мәселесі жөніндегі көптеген еңбектердің басын қосып, жүйелеу қажеттігі алға қойылуда.

Термин жасаумен айналысатын мамандар негізінен мына тәсілдерге баса назар аударады:

- 1) қазақтың өз сөздерін термин қатарына тарту;
- 2) туыстас түркі тілдерінің сөздік қорын және озық тәжірибелерін пайдалану;
- 3) халықаралық терминдерді алғанда тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеру.

Еліміз егемендік алып, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған тұстан бері терминдердің қолданыс аймағы күн санап кеңіп келеді.

Терминологияны жетілдірудің басты жолы - термин жасау қағидаттарын саралап алуды қажет етеді. Сондықтан терминологияда аталған мәселенің мәні зор. Аталмыш мәселеге байланысты А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Ш.Құрманбайұлы сынды ғалымдардың есімдерін ерекше атап өткен жөн. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығын сөз жасап, осы салаға байланысты ғылыми еңбектер жариялап жүрген ғалымдардың бірі – профессор Ш.Құрманбайұлы. Ғалым термин жасаудың келесі қағидаттарын ұсынады:

1) Ұлттық терминқор қалыптастырудың «ішкі көзі» қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;

2) Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау [1, 162-164б.].

Халықаралық терминдердің басқа тілдердегі баламаларын және айтылу ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тіліндегі баламалы терминін жасау қажет. Кейбір халықаралық терминдердің ана тілімізге аударылуы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек. Интернационалдық терминдердің орыс тіліне аударылғандарын қазақшалап, баламасын табу қажет – ақ және ол аса қиынға түспейтін іс.

Осы уақытқа дейін қазақ тілінде термин жасау жүйесінің дағдарысқа ұшырағаны баршамызға мәлім. Осы мәселеге қатысты болып отырған жүйесіздікті болдырмау үшін терминология мәселесі ерекше күн тәртібінде тұр.

Қазақ тілінде табиғаты бөлек, танымы ерекше терминологиялық лексиканың жасалу тарихына тереңдемей тұрып, оның принциптерін дөп басып талдау мүмкін емес. Термин жасаудың принциптерін білмей, оның жасалу жолындағы қисынды-қисынсыз жүйені айқындау

қиын. Ендеше, бұларды бірімен-бірін байланыстыра қарастыру қажет. Бұл мәселеге мән берудің себебі, біріншіден, қазір термин жасаушылар саны көптеп саналады. Олардың арасында қазақ тілінде қалыптасқан термин жасау тәсілдері мен принциптеріне көңіл қойып, сауатты әрекет жасап жатқандары шамалы, - дейді академик Ө.Айтбайұлы «Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында» атты мақаласында [2].

Қазақ тілінің мол байлығын орынды игере отырып дамыту кез-келген ғылымдар жүйесіне еш кедергі келтірмесі анық. Керісінше тілде еркін қолданылатын термин баламалары түрлі өзекті мәселені ашып беру жолында түсініксіздікті жоятын мол пайданың көзіне айналмақ.

Ағылшын тілінен ауысқан: *бюро, депо, авангард, метр*, ал француз тілінен енген *штраф, мундир, штаб, матрац* сөздері ұсынылады.

Араб-парсы сөздерінен жасалған филологиялық терминдер қазақ тілі оқулығындағы терминдері жүйесінен орын алады. Мысалы: *әдебиет, мақал, үн, дауыс, әуез т.б.*

Қазіргі мектеп түлектердің сөйлеу мәдениеті деңгейіне жоғары талаптар қояды. Сәйкес қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты-тілдік тұлғаны қалыптастыру қазақ әдеби тілін құрал ретінде қолдануға қабілетті сөйлеу әрекетінің барлық түрлері оның функционалдық мүмкіндіктерінің толықтығымен байланысты. Осы мақсатты іске асырудың сәттілігі 9-сыныптағы аралық аттестаттау және 11-сыныптағы қорытынды аттестаттау материалдарымен тексеріледі: оқушылар барлық тапсырмаларын орындау үшін түлектер тиісті құзыреттерді көрсетуі керек, ғылыми ұғымдарды игере отырып, оның ішінде терминдерді білуі тиіс. Кез-келген ғылымда, демек, әр оқу пәнінде белгілі бір терминдер бар, оларды игеру барысында оқушының пассивті және активті сөздігіне енгізу керек. Жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламасында қамтылған ғылыми ұғымдардың саны айтарлықтай. Алайда, орта мектепте терминдерді зерттеудің лингвистикалық және әдістемелік аспектілеріне арналған арнайы жұмыстар жалпы білім беретін мектеп, өте аз. Терминдер мектеп оқулықтарында мольна кездеседі. Мысалы: «алгебра», «геометрия», «функция», «үшбұрыш», «қисық сызық», «интеграл», «дифференциалдық теңдеу». Математика пәнінде сан, геометриялық фигуралар, есептер шешу мен олардың математикалық талдауы үшін қолданылатын негізгі ұғымдар. Физика пәнін оқытуда оқушылар: «механика», «энергия», «қуат», «термодинамика», «электр өрісі», «гравитация», «толқын», «атом» т.б. терминдерді меңгереді. Физика пәнінде табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін қолданылатын негізгі физикалық ұғымдар мен заңдылықтар. Химия пәнін оқу барысында заттардың құрамы, олардың қасиеттері, химиялық реакциялар және әртүрлі химиялық процестерді сипаттау үшін қолданылатын терминдер: «элемент», «молекула», «ион», «қышқыл», «негіз», «оксид», «катализатор», «химиялық реакция» кездеседі. Тарих сабағында өткен кезеңдерді, қоғамның дамуын және саяси өзгерістерді түсіндіру үшін қолданылатын терминдер: «революция», «империя», «мемлекет», «құрылым», «қоғамдық-саяси жүйе», «бірлік», «мәдениет» қолданылады. География пәнінде жер шарының физикалық және экономикалық ерекшеліктерін, табиғи ресурстарды және олардың адамдардың өміріне әсерін сипаттау үшін қолданылатын терминдер: «географиялық координаттар», «елдер», «топографиялық карта», «климат», «географиялық аймақ», «табиғи ресурстар». Биология пәнінде тірі ағзалардың құрылымы, функциялары, дамуы және олардың қоршаған ортамен байланысы туралы түсініктерді беретін термин: «жасуша», «ДНҚ», «эволюция», «генетика», «экология», «анатомия», «физиология», «организм». Оқулықтарда осы және басқа пәндер бойынша терминдер жиі кездеседі, жаратылыстану. Әр терминнің өзі оқушыларға түсінікті болуы үшін оның анықтамасы мен қолданылу контексті арнайы түрде түсіндіріліп беріледі. Мектеп оқулықтарында терминдердің енгізілуі белгілі бір мақсатты көздейді. Оқушылар ғылыми тілді, ғылыми стильді де мектепте жүріп үйренеді. Орта мектеп оқушыларының ауызша және жазбаша сөйлеуін талдау барысында, арнайы лексика (терминдер және жалпы ғылыми ұғымдар) оқушылардың пассивті және белсенді сөздік қорында ең аз меңгерілген бөлік болып табылады. Ғылыми сөйлемді

құрастыру кезінде ең алдымен, оқушылардың терминдерге сәйкес дұрыс түсіндірме бермеуі немесе терминдерді қазіргі орыс әдеби тілінің сөйлеу нормаларына сәйкес қолдана алмауы сияқты қателіктер жиі кездеседі. Бұл қателіктер тек фактілер мен логиканы ғана емес, сонымен бірге тілдік және грамматикалық қателіктерді де қамтиды.

Оқушылардың сөйлеуінде терминдердің қолданылуындағы көптеген қиындықтар, ең алдымен, терминнің орыс тілінің лексикалық жүйесіндегі ерекше бірлік екенін елемеуден туындайды. Ғылыми ұғымдардың мәнін түсінбей, оқушылар олардың анықтамаларын бере алмайды, сондықтан терминдерді оқу процесінде еркін қолдана алмайды. Әдетте, оқушылар ғылыми анықтаманы жаттап алады, бірақ терминмен көрсетілетін құбылысты толық түсінбейді, демек, олар терминдерді тек формальды түрде меңгереді.

Ғылымның қай саласын алсақ та қалыптасқан ғылыми тіл бар. Осы ғылыми тіл қолданысқа түскен кезде ғана күшіне кіреді. Ғылыми тілдің ерекшелігі сол – оған қажет нәрсе ой тереңдігі, тілдің өткірлігі мен қисындылығы. Ойдың дәлелді болуынан пікір де тұжырымды болып шығады. Сондықтан ғылыми тілді пайдалануда ойды айқын, неғұрлым дәл жеткізу көзделеді. Ғылыми тілде көркем шығармадағы бейнелілік, суреттілік сияқты әдеби тілге тән тәсілдер қолданылмайды. Ғылыми тілде сөздің айқын болуы үшін оған еркіндік қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
2. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. Алматы: Абзалай, 2013.

ӘОЖ 005.44

ЖАҒАНДАНУДЫҢ МӘДЕНИ ТАПТАУРЫНДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

Бөгетбаева Аружан Темірханқызы

bogetbayeva.aruzhan@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ 7М01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты,
Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Б.С. Карагулова

XXI ғасыр ғаламдық даму үдерістері әртүрлі мәдениет пен қоғам өкілдері арасындағы мәдениетаралық қарым-қатынас жасау жолдарын жеңілдетуді талап етеді. Жаһандануда қарым-қатынас жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар, мемлекеттер және өркениеттер деңгейінде интеграциялануы арқылы бір мәдениет ішінде де, әртүрлі мәдениеттердің өзара тоғысуында да кедергісіз жүзеге асуы қажет. Соңғы жылдары жаһанданудың мәдениетке әсерін зерттеу гуманитарлық ғылымдардың негізгі мәселесіне айналуда. Этномәдени сабақтастықты сақтаушы және ұлттық бірегейліктің негізін анықтаушы тетік – тіл. Ол мәдени кодтар жүйесінде басқа таңбалық жүйелермен қатар дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен рәсімдер, сәулет ескерткіштері, сакральдық сипаттағы өнер туындылары, этикет нормалары, ойындар, мінез-құлық ережелері сияқты әлеуметтік үдерістерді ретке келтіруде және қоғамның тұтастығы мен этномәдени ерекшелігін сақтауда ерекше рөл атқарды және атқарып келеді [1, 98].

Қазір халықаралық және интеллектуалдық интеграция (бірігу) үдерістерінің қарқынды жүруі арқылы бүкіл әлем бір коммуникациялық тұтастыққа бірікті. Соның әсерінен ұлттық дәлде (менталитетте) өзгерістер байқалып, қоғам трансформациялана (өзгеру) бастады. Бұны мәдени таптаурындардың (стереотиптердің) өзгеруімен байланыстыруға болады. Осыған байланысты алдымен бірнеше ғалымдардың таптаурын сөзіне берген пікірлеріне тоқталуды жөн көрдік. И.Н. Щекотихина «Метафорикалық тұрғыдан стереотип – бұл берік қалыптасқан, тұрақты үлгі,